

А. М. Тажина, К. Ж. Бадекова, М. Т. Культенова

АҚПАРАТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПӘНІН ОҚЫТУДА СТУДЕНКЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қарағанды медициналық университетінің Медициналық биофизика және информатика кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан Республикасы)

Студентке орталықтандырылған оқытуды қолданудың ерекшеліктері және оны қолданған кездегі студенттерден алынған нәтижелерді, сонымен қатар осы әдісті қолдану барысында кемшіліктер мен артықшылықтарын талдау. Студенттің оқу жүктемесін оның жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып құрастыру. Студенттің жеке оқу жоспарында білім беру бағдарламаларының деңгейлері бойынша барлық құрамдастары мен элементтерінің толық бейнеленуі көрсетілген. Осылайша, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінде студенттердің белгілі бір шарт қойылу арқылы, керекті білімді өз бетімен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы, өз бетімен оқулыққа керек ақпараттарды тауып, оны шығармашылық түрде өндіру арқылы керекті ой тұжырымдамасын жасап және қорытынды алу мақсатында студент оқу процесінен, өз бетімен білім алуға қабілетті болуға дайындайды. Студентке орталықтандырылған оқытудың тиімділігі сипатталады.

Кілт сөздер: студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру технологиялары, модульдік оқыту технологиясы, жобалық технологиялар, проблемалық бағдарда оқыту

Соңғы бірнеше жылдарда Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының өзекті талқыланып отырған сұрақтарының бірі жалпы еуропалық ағымдағы «Балон процесі», Қазақстанның жоғарғы мектептерін модернизациялауда. Осыған байланысты түрлі конференциялар мен семинарлар өтуде, сонымен қатар түрлі мақалалар шығуына қарамастан, студентке орталықтандырылған оқыту және оның жекеленіп қалыптастырылған траекториясы туралы ЖОО-ның оқытушылары мен қатар білім алушыларда толығымен түсінбеуде.

Студентке орталықтандырылған оқыту – бұл бағдарламалар мен технологияларды оқытушының немесе кафедраның қалауынша қалыптастыру емес, бұл болашақ мамандық пен білім алушылардың мүмкіндіктеріне бағытталған болуы тиіс. Студентке орталықтандырылған оқыту білім алушысыз, және оның жекешеленген оқытылуы, сонымен қатар оның жекеленіп қалыптастырылған траекториясы болуы тиіс [1].

Жекеленген траектория – бұл оқу процесінің жекеленген тәсілдермен жекешеленген оқыту формаларын ұйымдастырудың басымдылығы, сонымен қатар білім алушы пәнді еркін қалауынша таңдап, тек өз өзінің траекториясына жауапты болады.

Қазақстанның білім беру жүйесі еуропаның оқыту моделдерінен өзгешелеу. Еуропалық оқыту моделдері негізгі фундаментальді дайындық және бір бағытты білім алуды ұйымдастыруда.

Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанның тарихында техникалық білім беру жоғарғы деңгейде болғандықтан, елімізде техникалық білім беретін жоғарғы оқу орындары жоғарғы

деңгейде сақталған. Қазіргі таңда техникалық және гуманитарлық білім беретін жоғарғы оқу орындарының өзара қатынастары өзгерген, бірақ техникалық білім берудің ұлтық құндылықтары сақталған.

Техникалық пәндерді оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіру мәселелері, олардың үнемі жаңаруы, өмірдің жаңа жағдайларына бейімделуі соңғы кездері жоғары білім берудің өзекті мәселелері қатарында қарастырылмайды. Қазіргі кездегі ақпараттандыру, интерактивті өзара әрекеттесу сынды аумақтық үрдістер контекстінде жаңа білім беру ортасын қалыптастыру жағдайында бұл мәселе теория мен практиканың өзара байланысы тұрғысынан шешуді талап етеді. Бұл мақалада студентке орталықтандырылған оқыту жүйесі жағдайындағы аймақтану және халықаралық жалпы медицина, стоматология мамандықтары бойынша білімін бағалау модельдері және бақылау жүргізуде қолданылатын әдістерді жүйелеуге және жіктеуге талпыныс жасалды, дәстүрлі формалар мен пәнді оқыту әдістерінің өзара әрекеттесуі қарастырылды. Студенттерді оқыту барысында білім беру саласында ғылыми зерттеу және педагогикалық қызметтің кеңейтілген өрісін болжайтын кәсіби біліктілікті бағалау, дағды мен икемділікті дамыту деңгейі айқындалды. Студенттерді оқытуда студенттер ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнін кешенді, жүйелі қарастыруды, қазіргі технологиялардағы мәселелер мен үрдістердің мән маңызын түсіндіру, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәніндегі қарастырылған тақырыптарды талдауды қалыптастыруға бағытталған. Студентке орталықтанды-

рылған оқыту жүйесі жағдайында басты назар студенттердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруға аударылуы тиіс. Білім беруге қазіргі көзқарастан шыға отырып, өзіндік жұмысты біз оны жоспарлауда оқытушының серіктес қатысуында және нақты нәтижеге қол жеткізуді бағалаудағы нақты жүйеде жүзеге асырылатын, кәсіби білім беру бағдарламаны меңгеру бойынша студенттің оқу-танымдық қызметінің түрі деп есептейміз. Ұтымды ұйымдастырылған бақылау оқытушыға өзінің қызметін талдауға, дер кезінде кемшілікті байқап, оны жоюдың жолдарын іздеуге, жеке жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді [2].

Студентке орталықтандырылған оқыту мен білім беруді жүзеге асыруда мынадай міндеттерді және бағалау критерийлерге негізделуі тиіс:

- студенттердің түрлі топтарын, олардың сұраныстарын құрметтеу және көңіл бөлу;
- оқудың икемді траекториясын ұсыну;
- қажет болған жағдайда оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану;

- оқыту формалары мен педагогикалық әдістерге тұрақты бағалау мен өзгерістер енгізу;

- оқытушы тарапынан қажетті нұсқаулық пен қолдауды қатар қамтамасыз етуде студенттің дербестігін ынталандыру;

- «білім алушы – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластықтың болуын ЖОО қамтамасыз етуі тиіс.

Студенттің даралығы, еркіндікке ұмтылысы, тұлғалық және кәсіби өсуі, дербестігі, өзін-өзі құрметтеуі сияқты мінездемелерін оқу процесінде есепке алынуы тиіс. Студенттің оқу жүктемесін оның жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып құрастыру. Студенттің жеке оқу жоспарында білім беру бағдарламаларының деңгейлері бойынша барлық құрамдастары мен элементтерінің толық бейнеленуі көрсетілген. Оқу пәндеріне жазылудың нақты рәсімдерінің, оны жүзеге асыру мен сақтау тәжірибесінің бар болуы тиіс. Сондықтан студенттердің оқу жетістіктерін және дайындық деңгейін бағалау. Қолданыстағы білімді, дағдыны, машық пен құзыреттілікті бағалау жүйесі, оның ұлттық деңгейде қабылданған тәжірибеге сәйкестігі. Бағалау саясаты мен рәсімдері, ашықтығы және қолжетімдігі қарастырылады [2].

Студенттердің қолданылатын бағалау критерийлері туралы, емтихандар және бақылаудың басқа түрлері туралы ақпараттандырылуы. ЖОО бекіткен білім бағдарламалары-

ның стандартталған тесттерінің немесе пәндер сұрақтарының бар болуымен бағаланады. Студенттердің білім бағдарламаларын нормативтік талаптарға сәйкес меңгеруі. Білім беру деңгейлері бойынша студенттердің оқу жүктемесі. Аудиториялық жүктеме, студенттердің өзіндік жұмысы, оның ішінде білім беру деңгейлері бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысына байланысты болады. Әр студенттің академиялық жетістіктері бойынша, білім алушылардың жетістіктері туралы жүйелі жүргізілетін деректерді жинақтаудың, мониторингтеу мен ақпаратты басқарудың электронды базасының бар болуы тиіс.

Студенттердің білім сапасының ішкі мониторингтеу жүйесінің бар болуы келесілерге байланысты:

- бағалау критерийлері мен әдістері, олардың ашықтығы, шынайылығы және әділдігі;

- қол жеткізілген оқу нәтижелерін талдау, күтілген оқу нәтижелерімен салыстыру, басқарушы шешімдерді қабылдау;

- емтихан рәсімдеріне бірнеше оқытушылардың қатысуы;

- бағалау ережелерінде жеңілдетілген жағдайлардың, егер бар болған жағдайда қолдануы;

- бағалауда Ұлттық деңгейдегі қабылданған ережелердің сақталуы.

Жоғарыда айтылғандар оқу орнында студенттердің өтінімін/апелляциясын қарастыруда қолданатын ресми рәсімдердің бар екендігін көрсетеді. ЖОО-да қол жеткізілген оқу нәтижелерімен күтілген нәтижелерді салыстыра отырып, тұрақты талдаудың жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар студентке бағыталған оқытуда стандарттың жалпы ережелеріне де сүйенсек болады. Олар:

- Студент білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда басты қатысушы болып табылады, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз етуде ең алдымен оның қызығушылықтары ескеріледі және оқыту студентке орталықтандырылған болуы керек.

- ЖОО-да бағдарламаларды жүзеге асырудағы оқыту әдістері студенттерді оқу процесіндегі белсенді рөлге ынтыландыруы тиіс.

- Оқыту нәтижелерін бағалау процесі студентке орталықтандырылған оқытудың ұйымдастыру тиімділігін көрсетуі тиіс.

Осылайша, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінде студенттердің белгілі бір шарт қойылу арқылы, керекті білімді өз

бетімен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы, өз бетімен оқулыққа керек ақпараттарды тауып, оны шығармашылық түрде өндіру арқылы керекті ой тұжырымдамасын жасап және қорытынды алу мақсатында студент оқу процесінен, өз бетімен білім алуға қабілетті болады дегенді меңзейді. Ол студентердің күрделі сипаттағы оқулық тапсырмалардың бірге жасалған жұмыстарында да негізделеді, яғни студентердің кооперациясы арқылы тапсырманы ұжымдық түрде бірге жасалған күштері арқылы мәселені шешуі. Кооперативті оқу студентердің өзара оқудың барлық шарттарын жасау арқылы студенттердің білімдері мен икемдерін біріктіруге септігін тигізеді. Кооперативті оқуда студентер жұптасып немесе кіші топтар құру арқылы, жұмыс жасай отырып олар мұғалімдерге немесе өздерінің академиялық топтарына өзінің коллективтік жұмысының қорытындысы жайлы толық есеп беріп отырады. Оқытушылардан студентер үшін алынған білімді қайта жасауды қамтамасыз ететін қарапайым орындау ғана емес, оларды жаңа, ерекше жағдайларда пайдалана алатын шығармашылық тапсырмалардың қойылуы талап етіледі. Осы кезде, тапсырмаларды орындай отырып, студентер өз бетінше болашақ кәсіби қызметтеріне өте тиімді болатын жаңа білім, қабілет және шеберліктерге (әсіресе, қалыпты емес жағдайда шешім қабылдау және сараптау шеберліктері) ие болады.

Осыған байланысты «Жалпы медицина» мамандығының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні жүргізілген бірінші курс студентерінің бірнеше топтарына сауалнама жүргізілді. Онда қойылған сұрақтар нәтижесі бойынша осы студентке орталықтандырылған оқытудың студентке тиімділігі немесе тиімсіздігі мен қатар қажетсіз деген үш пікірге бөлінді. 90% студент тиімді, 8% тиімсіз десе, ал қалған 2% қажетсіз деген пікірді

білдірді. Жасалған жұмысты және осы пікірлерді ескерсек осы студентке орталықтандырылған оқыту тиімді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

1 Касевич В. Б. Болонский процесс в вопросах и ответах /В. Б. Касевич, Р. В. Светлов, А. В. Петров. – М.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2004. – 108 с.

2 Косолапова Л. А. Организация самостоятельной работы студентов в системе гарантий качества профессиональной подготовки специалиста в образовательных организациях высшего и среднего профессионального образования //Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. – Сер. №1. Психологические и педагогические науки. – 2014. – №1. – С. 67.

3 Носко И. В. Студентоцентрированное образование как основополагающий принцип болонских реформ в высшей школе //Вектор науки ТГУ. – 2011. – №1(4). – С. 136-138.

REFERENCES

1 Kasevich V. B. Bolonskij process v voprosah i otvetah /V. B. Kasevich, R. V. Svetlov, A. V. Petrov. – M.: Izd-vo S.-Peterb. un-ta, 2004. – 108 s.

2 Kosolapova L. A. Organizacija samostojatel'noj raboty studentov v sisteme garantij kachestva professional'noj podgotovki specialista v obrazovatel'nyh organizacijah vysshego i srednego professional'nogo obrazovanija //Vestnik Permskogo gosudarstvennogo humanitarno-pedagogicheskogo universiteta. – Ser. №1. Psihologicheskie i pedagogicheskie nauki. – 2014. – №1. – S. 67.

3 Nosko I. V. Studentocentrirovannoe obrazovanie kak osnovopolagajushhij princip bolonskih reform v vysshej shkole //Vektor nauki TGU. – 2011. – №1(4). – S. 136-138.

Поступила 23.05.2019 г.

A. M. Tazhina, K. Zh. Badekova, M. T. Kyltenova

SPECIFICS OF STUDENT-CENTRED TEACHING TECHNOLOGIES FOR INFORMATION COMMUNICATION DISCIPLINE STUDYING

Medical biophysics and informatics department of Karaganda medical university (Karaganda, Republic of Kazakhstan)

The article describes a method of student-centred teaching technologies of the higher education, especially in the groups obtained personal data, as well as the advantages and disadvantages in the use of this method and characterized effectiveness of student-centred teaching method. Create training load based on the individual student's abilities. Each student has an individual study plan in which is reflected the whole range of required elements and partitions created on the basis of the work program. Thus, the subject of information and communication technology sets students the task, the decision of which students have the opportunity to use all kinds of creative reasoning, a wide source of information for a specific result.

Key words: student-centred teaching, educational technologies, module teaching technology, interactive forms of learning, project educational technology, problem-based teaching

А. М. Тажина, К. Ж. Бадекова, М. Т. Культенова

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СТУДЕНТОЦЕНТРИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Кафедра медицинской биофизики и информатики Карагандинского медицинского университета (Караганда, Республика Казахстан)

В представленной статье описывается метод использования студентоцентрированного обучения среди студентов, особенности формирования полученных анкетных данных, а также преимущества и недостатки применения описанного метода.

Описаны особенности создания учебной нагрузки с учетом индивидуальные способности студента. Каждый студент имеет индивидуальный учебный план, в котором отражены весь спектр обязательных элементов и их разделы, составленные на основе рабочей программы. В ходе изучения информационно-коммуникационных технологий перед студентами стоят задачи, в ходе решения которых студенты имеют возможности использовать все виды творческих умозаключений, широкий информационный ресурс для получения определенного результата. Характеризуется эффективность применения студентоцентрированного обучения для студентов.

Ключевые слова: студентоцентрированное обучение, образовательные технологии, технология модульного обучения, проектные технологии, проблемное обучение